



**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ТӘРБИЕ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТАР ЖӘНЕ ЖАСТАР
САЯСАТЫ ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРМА**

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ЖӘНЕ ГЕОГРАФИЯ ИНСТИТУТЫ

**«SPARKLE
SCIENCE of
CHEMISTRY»**

СТУДЕНТТІК ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ КЛУБЫ

АЛМАТЫ – 2022

ҰЙЫМНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

«SPARKLE SCIENCE of chemistry» студенттік ғылыми-зерттеу клубы – жастардың (соның ішінде студенттер, оқушылар) 2030 жылға дейін тұрақты даму мақсаттары негізінде шектелген табиғи ресурстарды сақтау және "жасыл" экономикаға ауысуға деген қажеттілікті шешу мақсатында Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ғылыми химия мамандығының студенттері арасында құрылған клуб. Бұл клуб студенттердің ізденушілік, мақсат қоюда экономикалық, әлеуметтік, экологиялық ойлау дағдыларын дамыту, заманауи зерттеулердің нәтижелерін талдай отырып, іс жүзінде қолдана алуын жүзеге асыруға бағытталған.

Клуб бағдарламасының өзектілігі студенттерді әлемнің тұрақты даму мақсаттарына сәйкес экономикалық, әлеуметтік, экологиялық бағыттағы іс-шараларды ұйымдастыру, адам денсаулығына, қоғамға, табиғатқа қолынан келгенше көмек беруге, туындаған мәселелерді шешуде оңтайлы шешу жолдарын анықтауға бағытталғандығында.

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1. **«SPARKLE SCIENCE of chemistry» студенттік ғылыми-зерттеу клубы** - Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университетінің жаратылыстану және география институтының жанынан ерікті түрде құрылған студенттік ұйым.

1.2. Бұл ереже ұйым жұмысын ұйымдастыру мен үйлестіру, дамыту жолдарын айқындайтын, ұйым мүшелерінің өзара қарым-қатынастарын реттеу және

жүйелеу, ұйым шеңберіндегі жоғары күші бар құжат болып саналады.

1.3. Ұйым ережесіне өзгертулер мен толықтырулар тек ұйым жиналысының шешімімен енгізіледі.

II. ҰЙЫМНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Ұйымның мақсаты – жастар (студенттер және оқушылар) арасында ғылымды насихаттау, дамыту және олардың шығармашылық, интеллектуалды-рухани әлеуетін, іскерлігін арттыру болып табылады.

- 2.1. Жастардың кәсіптік білім деңгейінің жоғарылауына нәтижелі түрде көмектесу;
- 2.2. Қоғамдық, экологиялық және әлеуметтік жұмыстарға ат салысатын жастарды қолдау;
- 2.3. Өнертапқыштық мәдениетті қолдайтын білім платформасын қолдану;
- 2.4. Жастардың білімін арттыруға арналған дебаттар, конференциялар және тренингтер өткізу;
- 2.5. Болашақ көшбасшыларға химияның тірі жүйелер мен физикалық процестердің негізінде қалай жататыны туралы білім беру;
- 2.6. Университет ішінде де, сыртында да көптеген пәндер бойынша ынтымақтаса отырып, жаһандық маңызы бар мәселелерді шешуге көмектесу;
- 2.7. Жоғары оқу орындарының студенттерімен және оқытушыларымен кәсіби байланысты қалыптастыру және тәжірибе алмасу;

Осы мақсаттарға жету үшін Абай атындағы ҚазҰПУ химия бөлімі ғылымды трансформациялауға мүмкіндік беретін озық қондырғыларды, әлемдегі

жетекші оқытушыларды және жоғары деңгейлі студенттерді дамытуды жалғастыруы керек.

III. ҰЙЫМНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

3.1. Ұйым құрамы:

- Ұйым жетекшілері
- Үйлестірушілері
- Хатшысы

3.2. Ұйым құрамының міндеттері:

- Ұйым жетекшілері – ұйымның ғылыми-жұмыстарына басшылық ету, студенттермен өз тәжірибесімен бөлісу.
- Үйлестірушілері – ұйым мүшелерін мүшелікке қабылдау және шаралардың өту барысын қарастыру; ұйым отырысының күн тәртібін жасау және ұйым мүшелеріне жаңа ақпараттардың жетуін қамтамасыз ету, ұйым ережесінің мүшелер тарапынан толық және дұрыс орындалуын қадағалау, ұйым атынан келісім жүргізу;
- Хатшы – ұйым мүшелерінің кез-келген ұйымдастырылған жиналыстарында болған және өткен есепті кезеңдерді қағаз бетіне түсіріп отыру.

VI. ҰЙЫМ ПРЕЗИДЕНТІ МЕН МҮШЕЛЕРІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

4.1. Ұйым президентінің және вице-президентінің міндеттері:

- Ұйымның даму жоспарын жасау;
- Ұйым отырысының күн тәртібін жасау;
- Ұйымның ғылыми-зерттеу жұмыстарын қадағалау;

- Жетекшімен ғылыми-зерттеу жұмыстары жайлы ақылдасу;
- Ұйым мүшелеріне жаңа ақпараттардың жетуін қамтамасыз ету;
- Ереженің ұйым мүшелері тарапынан толық және дұрыс орындалуын қадағалау;
- Ұйым атынан келісім жүргізу;

4.2. Ұйым менеджерінің міндеттері:

- Ұйым ұйымдастырып отырған іс-шараларды өткізу;
- Ұйым менеджері ретінде белсенді студенттермен жұмыс жасау;
- Ұйымда болатын семинар-тренингтер ұйымдастыру;

4.3. Ұйым мүшесінің міндеттері:

- Ұйымның Ережесі мен бағдарламалық құжаттарындағы талаптарды бұзбау;
- Ұйым жиналасының және университет бекіткен шешімдерін орындау;
- Ұйымның абыройы мен қызметіне зиян келтіруі мүмкін іс-әрекеттерге бармау.

V. ҰЙЫМ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

5.1. Ұйымның қызметі заңды негізге тоқталуы мүмкін;

5.2. Ұйымды заңды түрде мұра ретінде қалдыруға болады;

5.3. Ұйымды ерікті түрде қайта құру, ұйым кеңесінің шешімі негізінде жүзеге асырылады.

**«SPARKLE SCIENCE of chemistry» студенттік
ғылыми-зерттеу клубының жылдық жоспары
2022/2023 оқу жылы**

№	Іс-шараның атауы	Өтетін мерзімі
1	Студенттік ғылыми-зерттеу ұйымын таныстыру	Қыркүйек
2	Ұйымға студенттерді іріктеу мен қабылдау	Жыл бойы
3	Ғылыми зерттеу жұмыстарының құрылымы Туралы ұйым мүшелерімен вебинар	Қазан
4	Ғылыми-тәжірибелік конференцияларға мақалалар жазу және баяндамалар жасау, қатысу	Жыл бойы
5	“Менің қазіргі экологиялық ізім” онлайн ойыны	Қазан
6	Ғылым ордасы музейіне саяхат	Қараша
7	«Химия біздің өмірімізде» тақырыбында хабарламалар жасау	Қараша
8	Тұрақты даму мақсаттарына жетудегі химияның рөлі	Желтоқсан
9	Жаңа жылдық кездесу/ I жарты жылдық қорытынды есебі	Желтоқсан
10	Мектеп жоғары сынып оқушыларына “Мен ғылымға қалай келдім?” атты кәсіби бағдар жұмыстары	Ақпан
11	«Химия ғылымының өзекті салалары» тақырыбында TedX форматындағы пікір алмасу	Наурыз
12	Химияның әр түрлі салалары бойынша жаһандық ғылыми-зерттеу жобаларының жетістіктері» тақырыбында форсайт зерттеу	Сәуір
13	«The Chemistry of Life» қорытынды кеш	Мамыр

Ұйым жетекшілері



Ахтаева Маржан Бахитовна
Ж.ғ.м., оқытушы

Кулумбетова Онласын Куатовна
п.ғ.м., оқытушы



**Дюсембаева Гульнур
Токтаргазиевна**
п.ғ.м., оқытушы



Жанаев Әлібек Ерсайнұлы
Ұйым президенті



Узакова Асем Бакитжановна
PhD, оқытушы



Нышан Мерей Жаксығалиқызы
Вице-президент
